

**Өсімдік қорғаудың химиялық құралдарының өндірісіне арналған органикалық химиялық қосылыстардың жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының ставкасын белгілеу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 122 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 16-тармағына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 4-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 2909 30 900 1, 2909 43 000 1, 2912 50 000 1, 2921 49 000 1, 2923 90 000 1, 2924 19 000 1, 2928 00 900 1, 2930 90 950 1 және 2935 90 900 1 кодтарымен сыныпталатын өсімдік қорғаудың химиялық құралдарының өндірісіне арналған органикалық химиялық қосылыстардың жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының ставкасы осы Шешім күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі аралықта кедендік құннан 0 пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 2909 30 900 1, 2909 43 000 1, 2912 50 000 1, 2921 49 000 1, 2923 90 000 1, 2924 19 000 1, 2928 00 900 1, 2930 90 950 1 және 2935 90 900 1 кодтары бар позициялар төртінші графада "<sup>38C</sup>" ескертпесіне сілтемемен толықтырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы <sup>38C</sup> ескертпесімен толықтырылсын:

"<sup>38C</sup> Кедендік құннан 0 (нөл) % мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 122 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2023.31.12. дейінгі аралықта қолданылады."

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде 2022 жылғы 2 қаңтардан кейін күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
В. Григорян	И. Петришенко	Ә. Смайылов	А.Кожошев	А. Оверчук

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК